

## **Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрі Ли Чжаосиннің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 79-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту және 2003 жылғы 26-28 сәуірде Алматы мен Астана қалаларында Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрі Ли Чжаосиннің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

2003 жылғы 26-28 сәуірде Алматы және Астана қалаларында Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрлігі Ли Чжаосиннің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін;

2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен қытай делегациясы мүшелерінің ресми сапарын өткізуге, оның ішінде қонақ үйде тұруына, тамақтануы мен Алматы - Астана - Алматы бағыты бойынша көліктік шығыстарына (авиакөлік) 1171053 (бір миллион бір жүз жетпіс бір мың елу үш) теңге сомасында қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) қосымшаға сәйкес Қытай Халық Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Қытай Халық Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайда, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

5. Астана және Алматы қалаларының әкімдері Қытай Халық Республикасының ресми делегациясын күтіп алу мен шығарып салу, Астана және Алматы қалаларының әуежайларын безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын орындауды қамтамасыз етсін, сондай-ақ мәдени бағдарламаны ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрінің атынан ресми қабылдаудағы концерттік бағдарламаны қамтамасыз етсін.

7. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 9

с ә у і р д е г і

№        7 9                      ө к і м і н е

қосымша

**Қытай Халық Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шаралары**

1. Қытай Халық Республикасының ресми делегациясы мүшелерін (1+4), бірге жүретін адамдарды Алматы қаласында "Анкара Риджент" қонақ үйіне және Астана қаласында "Окан Интерконтиненталь" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Анкара Риджент" және "Окан Интерконтиненталь" қонақ үйлеріне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін дайындау (30 дана бағдарлама кітапшалары, бейдждер, автомобильдерге арналған арнайы рұқсатнамалар, куверткалар).

4. Қытай Халық Республикасының ресми делегациясын Алматы және Астана қалаларының әуежайларындағы VIP-залдар арқылы қызмет көрсетуді ұйымдастыру (Алматы қаласында шай дастарханы).

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Хатшысы - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі атынан Қытай Халық Республикасы Сыртқы істер министрінің құрметіне ресми қабылдау өткізуге қажетті залды белгілеу.

6. Қытай Халық Республикасының ресми делегациясы мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.